

Түркістан облысы  
Келес ауданы  
№9 «Көлтоған» жалпы орта мектебі коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі.

Бекітемін:

Мектеп директоры:

 К Турсынбекова.

«Қош келдің, Жаңа жыл!»  
атты мерекелік бағдарлама.

Амангелді ауылы.  
2023-2024 оқу жылы.

«Қош келдің, Жаңа жыл!» атты жаңа жыл кешінің бағдарламасы.

1- жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-ана, қымбатты ұстаздар, оқушылар!

2-жүргізуші:

Жаңа жыл мерекелеріңіз құтты болсын!

1-жүргізуші:

Кел, жаңа жыл,  
Төрле, төрле жеріме,  
Құт береке әкелгейсің еліме,  
Үміт артып армандарға аяулы  
Шаттығыңа бөлегейсің бізді де

2-жүргізуші:

Қош келдіңіз бүгінгі кешімізге,  
Жаңа табыс тілейік ісімізге  
Келе жатқан жаңа жыл құт әкелсін,  
Мына отырған барша жан бәрімізге

1-жүргізуші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,  
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.  
“Жаңа жылмен құттықтаймын” деген үн,  
Қанаттана кең алқапқа тарайды

2-жүргізуші:

Жаңа жылдық шырша мерекесіне қош келдіңіздер!!!!

Таза мінсіз асыл тас  
Су түбінде жатады.  
Таза мінсіз асыл сөз,  
Ой түбінде жатады.

Кешімізді ашып беру үшін құттықтау сөз кезегін мектебіміздің директоры  
Турсынбекова Калдыгүл апайға сөз кезегін береміз.

1-жүргізуші:

Төрлетіндер, төрлетіндер

Шырша сәнін көріндер

Әсем ән мен би билеп,

Күй жырларды төгіндер-дей келе ортаға кешімізді бимен ашатын

10 «ә» сынып оқушыларын шақырамыз

2-жүргізуші:

Аппак бүтін кыр, далам,  
Ак дастаркан жапкандай  
Халық біткен қар балап  
Қонак күтіп жаткандай  
Көңілде көп қуаныш  
Әр көңілде-жақсылық  
Кетер жылға мың алғыс  
Әкелген көп жақсылық.

1-жүргізуші:

Жаңа жыл-туындаған жаңа армандар.  
Жаңа жыл-шуылдаған жаңа ормандар.  
Ал мынау-мәңгі бақи жаңа дүние.  
О, сәлем жаңа жылда жаңарғандар

2-жүргізуші:

Құрметті қонақтар, ұстаздар мен оқушылар!. Келе жатқан ұлу жылы мерекесімен  
құтықтаймыз!. Бүгінгі кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Жаңа жыл — ең қызықты, қуанышты, ерекше мереке. Неге десеңіздер? Өйткені бұл  
күні жер шарымызды ертегі аралайды. Ертегі әр елдің шыршасына саяхат  
жасайды. Бүгін бізде ертегі мен бірге саяхат жасаймыз. Жер шарының Жаңа жылын  
бірге атап өтеміз.

Достар, біз халықаралық экспресс поезының жұмсақ вагонына отырып, Жаңа  
жылдық сапарға аттанамыз. Жолға шықпас бұрын Аяз атамыз бен Ақшақарымызды  
ортаға шақырып, оларды да бірге ала кетейік!

Бәріміз бірге: «Аяз ата! Ақшақар!»

Аяз ата:

Аяулы ата-аналар ардақты ұл қыздарға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерің

Қандай әсем жырларын

Асулармен алысқан

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан.

Ақшақар:

Армысыздар ма, балалар, ұстаздар, ата-аналар! Өздерінді сағынып келдік. Жаңа  
жыл құтты болсын! Өтіп кеткен қоян жылына аман саулық тілеп, келер жылымыз  
ұлу жылына табысты жыл, береке бірлік әкелсін, Тарих жыл болсын деймін!

Ал енді жолға шығайық.

I- аялдама Польша

I-жүргізуші:

Варшава Польшаның астанасы. Жаңа жыл қарсанында Варшава қаласы нағыз  
балағанға айналады. Күні-түні карнавалдық кештер өтеді. Ерлер әйелдердің киімін  
киіп, балалар бет-әлпеттерін, жүздерін түрлі бояулар мен бояйды. Көшелерін түр.

жүргізуші:

7 аялдама. Біз көрші елімізге Ресейге келдік. Сіздер білесіңдерме? 1700 жылға дейін қаптарынан бастап Ресейде жаңа жыл санау басталады деп жарғы жариялайды. Осы күні пункттардан ату, смола жағу, үйлерді пихта, шырша ағаштарымен безендіру және де ән айтып, би билеу керек екен

Жаңа жыл мерекесі құтты болсын,  
Арқашан мерекелік көңіл болсын  
Кеудеміз күмбірлеген жырға толып,  
Қане достар, күлкімен орта толсын. \_\_8-б сыныптың өнерін қабыл алыңыздар

1-жүргізуші:

7 аялдама. Қонақта жақсы, ал үйдеодан да жақсы. Сонымен біз Қазақстанға Түркістан Облысы Келес ауданы №9 «Қолтоған» жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ораламыз. Көрініздер біздің мектепте қалай жаңа жыл мерекесін қарсы алады.

Осы аялдамада ескі жылымызды шығарып салып, жаңа жылымызды күтіп алайық.

Ойын: «Сельфи»

2-жүргізуші:

Ей, жаңа жыл, жаңа бақыт ырысым  
Жақсылықтың жаршысы да нұрысың  
Адамдардың асқақтаған арманы,  
Ақындардың таусылмайтын жырысың

1-жүргізуші:

Жаңа жыл, жаңа бақыт, жаңа жыр  
Ізгілік, бірлік дәнін ортаға ысыр  
Құт болып береке бер халқымызға  
Мерейін мәртебесін биікке асыр.

АязАта:

Уа, балаларым халықта айтады: Ең жақсы ән-айтылмаған ән, ең жақсы қала-салынбаған қала, ең жақсы жыл- келе жатқан жаңа жыл.  
365 ашық күндер, жақсылықпен, кездесулер әкелсін. Мақсаттар мен жоспарлар орындалсын. Жаңа жылқұтты болсын, бақыт әкелсін!

Ақшақар:

Жаңа жыл әрбіріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Міне жаңа 2024жыл да келіп қалды. Бұл жылы елімізде тыныштық болып ырыс-құтымыз арылмасын!

шарлар мен көркемдеп, безендіреді. Сағат түнгі 12-ні соққанда Варшава қаласының тұрғындары шарларды жара бастайды, сонда салют фейерверк пайда болады. Сондықтан бізде мерекелік флешмоб жасаймыз: 8 «ә» оқушыларының орындауында.

Стук колес , гудки паровоза  
Музыка Бах

2 аялдама

2-жүргізуші:

Германия ұлы ғалымдардың, ақындардың музыканттардың отаны. Жаңа жылдық түнде Моржа тазартқышты кездестіріп, күлге бүліну-Германияда бақытты белгі деп саналады, ал түнгі 12 00-де, орындық пен үстелдің үстіне шығып,айқайлап Жаңа жылға қарсы секіру керек екен. Ендігі кезекте осы аялдамада

Европаны араладық , ал енді ыстық экзотикалық Африкаға барамыз., бірақ поезд онда жүрмейді Сондықтан біз машинамен барамыз.

Ия, шіркін жол үстінде ән тыңдағанға не жетсін! Ендеше 5 «ә» сынып оқушыларының орындауындағы би қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:

Заялдама Білесіздерме? Кения тайпаларының бірі Жаңа жыл қарсанында бір-бірінің бетіне түкіреді екен, солай олар денсаулық, бақыт, табыстілейді екен. Өте экзотикалық дәстүр екен, бірақ сіздер қобалжымаңыздар. Біз бір-біріміздің бетімізге түкірмейміз, бірақ африканша достарымызды құттықтаймыз.

«Би жарыс» ойын ойнатылады.

Африка –ыстық күйіп тұрған күн, өткізбейтін джунгли және темпераментті, жандандырылған билер. Ендеше африкандық бимарафоның жариялаймыз. Саяхатымызды жалғастырамыз автокөліктен корабльге отырып, америкаға жол аламыз.

2-жүргізуші:

4 аялдама. Біз Америкадамыз.Бостандық ескерткіші, Майкл Джексен, Мадонна, және Арнольд Шварцнейгр. Жаңа жыл қарсанында Америкада ең күшті , ең мықты қайратты деп саналатын конкурс өткізіледі.

Саяхатымызды жалғастырамыз.Ұшаққа отырып Жапонияға ұшамыз.

1-жүргізуші:

5 аялдама. 31 желтоқсан күні жапондықтар, үйлерін жинап, тазалайды, ал түнгі 12.00 де ұйқыға жатады. Жаңа жылдың күннің бірінші сәулелерін қарсы алу үшін таңның атысымен тұрады екен.

Ендісаяхатымызды жалғастырамыз.







